

**Тақырып: Қоғамдық қауіпсіздік пен
қоғамдық тәртіпке қарсы
қылмыстық құқық бұзушылықтар**

**Пән: ҚР қылмыстық құқығы
(Ерекше бөлім)**

Жоспар:

- 1) Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы ҚҚБ-дың түсінігі және жалпы сипаттамасы
- 2) Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы ҚҚБ-ды топтастыру
- 3) Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы ҚҚБ-дың жекелеген құрамдарын талдау
- 4) Қоғамдық тәртіпке қарсы ҚҚБ

Тақырып бойынша нормативтік материал:

- 1) «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы ҚР Заңы.
- 2) «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі ҚР Заңы.
- 3) «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 қаңтардағы ҚР Заңы.
- 4) «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» 1998 жылғы 30 желтоқсандағы ҚР Заңы.
- 4) «Атом энергиясын пайдалану туралы» 2016 жылғы 12 қаңтардағы ҚР Заңы.

Тақырып бойынша нормативтік материал :

- 5) «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы нормативтік қаулысы.
- 6) «Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы сотының 1995 жылғы 21 шілдедегі нормативтік қаулысы.
- 7) «Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы сотының 2009 жылғы 8 қаңтардағы нормативтік қаулысы.

Қоғамдық қауіпсіздік

- қоғам өмірінің қауіпсіз шарттарын реттейтін, сондай-ақ қоғамның қалыпты өмір сүруі үшін жеткілікті деңгейдегі қорғалғандық жағдайын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастардың жиынтығы

Ұлттық қауіпсіздік

- адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің серпінді дамуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі

Қоғамдық тәртіп

- қоғамдық тыныштық пен имандылықты, өзара сыйластықты, азаматтардың қоғамдық орындардағы тиісті мінез-құлқын, әлеуметтік қарым-қатынастарды қолдауға бағытталған құқық нормаларын сақтау негізінде қалыптасқан қоғамдық қатынастардың жүйесі

Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы ҚҚБ-ды топтастыру

- 1) Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы ҚҚБ-дың жалпы түрлері (ҚР ҚК255-274 баптары)
- 2) Қауіпсіздіктің арнайы ережелерін бұзумен байланысты ҚҚБ (ҚР ҚК 276-282, 292-баптары)
- 3) Жалпыға қауіпті заттармен жұмыс істеу ережелерін бұзумен байланысты ҚҚБ (ҚР ҚК 275, 283-291 баптары)

Террористік қылмыстар:

- Терроризм актісі (255-бап)
- Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру (256-бап)
- Террористік топ құру, оған басшылық ету және оның әрекетіне қатысу (257-бап)
- Террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік (258-бап)
- Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру (259-бап)
- Террористік немесе экстремистік даярлықтан өту (260-бап)
- Адамды кепілге алу (261-бап)
- Ғимараттарға, құрылыстарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасау немесе оларды басып алу (269-бап)
- Әуе немесе су кемесін не жылжымалы теміржол составын айдап әкету, сол сияқты басып алу (270-бап)

Экстремистік қылмыстар:

- **Террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік (258-бап)**
- **Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру (259-бап)**
- **Террористік немесе экстремистік даярлықтан өту (260-бап)**
- **Заңсыз әскерилендірілген құралымды ұйымдастыру (267-бап)**

Түрлі сипаттағы қылмыстық топтар құрумен байланысты қылмыстар:

- Ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу (262-бап)
- Қылмыстық қоғамдастық құру және оған басшылық ету, сол сияқты оған қатысу (263-бап)
- Трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу (264-бап)
- Трансұлттық қылмыстық қоғамдастық құру және оған басшылық ету, сол сияқты оған қатысу (265-бап)
- Қылмыстық топтың әрекетін қаржыландыру, сол сияқты мүлікті сақтау, бөлу, қаржыландыру арналарын әзірлеу (266-бап)
- Заңсыз әскерилендірілген құралымды ұйымдастыру (267-бап)
- Бандитизм (268-бап)

Терроризм

- күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы

Терроризм актісі (ҚР ҚК 255-бабы)

- Терроризм актісі, яғни жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза табуы, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де әрекеттер жасау, егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету, соғысқа арандату не халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған әрекеттерді дәл сол мақсаттарда жасау қатерін төндіру

Терроризм актісінің объективтік жағын құрайтын іс-әрекеттер :

- жарылыс жасау
- өрт қою
- адамдардың қаза табуы, елеулі мүлктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де әрекеттер жасау
- аталған әрекеттерді жасау қатерін төндіру

Терроризм актісінің мақсаттары :

- қоғамдық қауіпсіздікті бұзу
- халықты үрейлендіру
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету
- соғысқа арандату
- халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың арнайы түрі

- **Терроризм актісін дайындауға қатысатын адам, егер ол мемлекеттік органдарға дер кезінде ескертуімен немесе өзге тәсілмен терроризм актісін болғызбауға ықпал етсе және егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады**

Бандитизм (ҚР ҚК 268-бабы)

- **БАНДА** – қаруды не қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып немесе қолдану қатерін төндіріп азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатын көздейтін алдын ала біріккен екі немесе одан да көп адамдардың тұрақты тобы (ұйымдасқан топ)

Бандитизмнің объективтік жағын құрайтын әрекеттер:

- **БАНДАНЫ ҚҰРУ** – кез келген белсенді де мақсатты іс-әрекеттерді жасаудың нәтижесінде банданың шын мәнісінде құрылуы
- **БАНДАҒА БАСШЫЛЫҚ ЕТУ** – банданың қылмыстық іс-әрекеттерін жоспарлауға, материалдық қамтамасыз етуге және ұйымдастыруға байланысты, сондай-ақ нақты қылмыстарға дайындалуға және оларды жасауға байланысты шешімдерді қабылдау
- **БАНДАҒА ҚАТЫСУ** – банданың құрамына кіру және жоспарланған қылмыстарды қаржыландыруға, қарумен, көлікпен қамтамасыз етуге, нысандарды іздестіруге, ақпараттарды жинастыруға және т.б.
- **БАНДА ЖАСАҒАН ШАБУЫЛДАРҒА ҚАТЫСУ**

Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу (ҚР ҚК 292-бабы)

- **Объект** – өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қоғамдық қатынастар
- **Объективтік жағы:**
- **әрекет** – өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу
- **зардаптар** – а) адамның денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіру; б) азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтіру
- **Субъект (арнайы)** – өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға жауапты адам
- **Субъективтік жағы:**
- **кінә** – абайсыздық

Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (ҚР ҚК 287-бабы)

- **ОБЪЕКТ – қару айналымы саласындағы қоғамдық қатынастар**
- **ЗАТЫ:**
- **Суық қару**
- **Атыс қаруы**
- **Газды қару**
- **Оқдәрі (патрон)**
- **Жарылғыш заттар**
- **Жарылыс құрылғылары**

Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (ҚР ҚК 287-бабы)

- **ҚАРУ** – конструкциялық жағынан алғанда тірі немесе өзге де нысананы зақымдауға, сондай-ақ белгі беруге арналған құрылғылар мен заттар
- **СУЫҚ ҚАРУ** – нысананы тікелей зақымдайтын құралы адамның бұлшық еті күшінің көмегімен қозғалысқа келтірілетін қару

Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (ҚР ҚК 287-бабы)

- **АТЫС ҚАРУЫ** – оқ дәрі немесе өзге де заряд қуатының әсері нәтижесінде ұңғы оқпанынан оқты, снарядты, гранатаны ұшырып шығаратын қару
- **ГАЗДЫ ҚАРУ** – қолданылуы көз жасын ағызатын немесе тітіркендіргіш заттарды пайдалануға негізделетін қару

Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (ҚР ҚК 287-бабы)

- **ОҚДӘРІ (ПАТРОН)** – конструкциялық жағынан қарудың тиісті түрінен ату үшін және нысананы зақымдауға арналған құрылғылар немесе заттар

Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (ҚР ҚК 287-бабы)

- **ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТТАР** – оқдәрілер, тротил, нитроглицерин, пироксилин, аммонал, жарылатын басқа да химиялық заттар және жарылғыштық қасиетке ие олардың алуға және сақтауға арнайы рұқсат талап етілетін қоспалары
- **ЖАРЫЛЫС ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ** – жарылғыш затпен оқталған және атылатын қарудан атуға арналған және жарылғыш заттармен жарақтандырылған, жинастырылған құрылғылар

Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (ҚР ҚК 287-бабы)

Объективтік жағы:

- **Алып жүру**
- **Иемдену**
- **Беру**
- **Өткізу**
- **Сақтау**
- **Тасымалдау**

Бұзақылық (ҚР ҚК 293-бабы)

- **Бұзақылық, яғни қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзу**

Бұзақылық (ҚР ҚК 293-бабы)

Элемент	Белгі	Мазмұны
Объект	Негізгі	Қоғамдық тәртіп
	Қосымша	а) денсаулық ә) меншік қатынастары б) ар-намыс пен қадір-қасиет
Объективтік жағы	Іс-әрекет	қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзу мен қоғамды анық құрметтемеу, егер олар: а) күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен ұштасса; б) бөтен мүлікті жоюмен немесе бүлдірумен ұштасса; в) барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасса
Субъект		Негізгі құрам – 16 жасқа толған ақыл-есі дұрыс адам; Сараланған құрам –14 жасқа толған ақыл-есі дұрыс адам
Субъективтік жағы	Кінә	Тікелей қасақаналық

Бұзақылық (ҚР ҚК 293-бабы)

- Бұзақылықтың **ниеті** – басқа адамдардың алдында өзінің артықшылығын, шектен тыс ерекшелігін көрсетуге ұмтылыс.
- Бұзақылықтың **мақсаты** – айналадағыларды өрескел дәрежелігімен, қоғамдық мораль нормаларын пысқырмайтындығымен таң қалдыру, азаматтардың санасына қорқыныш сезімін ұялату, осылайша бір сәтке болса да оларды өз еркіне бағындыру.

Бұзақылық (ҚР ҚК 293-бабы)



Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
2009 жылғы 12 қаңтардағы №3 нормативтік қаулысы

**«Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот
практикасы туралы»**

Бұзақылық (ҚР ҚК 293-бабы)

Күш қолдану – жәбірленушіні ұрып-соғу, жұлқу, итеру немесе оның денсаулығына қасақана жеңіл зиян келтіру.



439. Мосин А.
Хулигана — к ответу! 1958

Күш қолдану әрекеттерін ҚР ҚК 108, 109-баптары бойынша қосымша саралау қажет емес.

Бұзақылық (ҚР ҚК 293-бабы)

- Бөтен мүлікті жою немесе бүлдіру әрекеттерін ҚР ҚК 202-бабы бойынша қосымша саралау қажет емес (егер ауырлатушы мән-жайлар болмаса).
- Азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауды ҚР ҚК 131-бабы бойынша қосымша саралау қажет емес.

Кейс фабуласы

- Бұрын жымқыру үшін бірнеше рет сотталған Куликов азаматтарға шабуыл жасау мақсатында қылмыстық топ құрады. Ол ТТ жүйесінің тапаншаларын сатып алады және оларды топ мүшелері Захаров, Даулетов және Пимановқа үлестіріп береді. Кештердің бірінде қылмыстық топ мүшелері кәсіпкер Мавлюдовтың күні бұрын қарастырылып қойған пәтеріне шабуыл жасайды. Алайда пәтер иесі оларға пәрменді қарсылық көрсеткен соң Пиманов оны өлтіреді. Бұдан соң қылмыстық топ мүшелері пәтерді тінтіп, құнды заттарды алып кетеді.
- *Қылмыстық топ мүшелерінің әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіздер.*

Кейс шешімі

- Куликов құрған қылмыстық топ банда (ҚР ҚК 3-бабының 7-тармағы) болып табылады – қаруды не қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып немесе қолдану қатерін төндіріп азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ.

Кейс шешімі

- Куликовтың әрекеттері жиынтық бойынша сараланады:
- 1) Қылмыстық топ жасаған қарақшылық – ҚР ҚК 192-бабының 4-бөлігінің 1-тармағы.
- 2) Тұрақты қарулы топты (банданы) құру және осындай топқа (бандаға) басшылық ету – ҚР ҚК 268-бабының 1-тармағы.

Кейс шешімі

- Захаров, Даулетов және Пимановтың әрекеттері жиынтық бойынша сараланады:
- 1) Қылмыстық топ жасаған жасаған қарақшылық – ҚР ҚК 192-бабының 4-бөлігінің 1-тармағы.
- 2) Тұрақты қарулы топқа (бандаға) және ол жасаған шабуылдарға қатысу – ҚР ҚК 268-бабының 2-тармағы.

Кейс шешімі

- Пимановтың әрекеттері қосымша пайдакүнемдік ниетпен жасалған адам өлтіру деп сараланады – ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігінің 8-тармағы. Пиманов қатысушының шектен шығушылығына (эксцесс) жол берді (ҚР ҚК 30-бабы), яғни басқа қатысушылардың пиғылында болмаған қылмысты жасады. Сондықтан адам өлтіргені үшін тек қана ол жауап береді.

Кейс шешімі

- **Банда мүшелерінің банданы ұйымдастыруға және оның жұмыс істеуіне байланысты қаруды заңсыз айналымға түсіру әрекеттері банданың міндетті белгісі – оның қарулануымен – толық қамтылады. Сондықтан олардың әрекеттерін ҚР ҚК 287-бабы бойынша қосымша саралау қажет емес** («Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы нормативтік қаулысының 10-тармағы).